

Бекітемін

Мектеп директоры

А.С.Гарсашварова



Келісілді:

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары

А.Ш.Оралбай

Мектеп оқушыларының ішкі тәртіп сақтау ережелері

Педагогикалық кеңесте кабылданған

27.08.2023 жыл хаттама №1

«Болашақ» мектебі мекемесі бұл ережеде мектеп гимараты мен аумағына оқушылардың тәртібін белгілейді. Ереже мақсаты - мектептің тұрақтанған жұмыс жағдайын, оқушының оқуға, тұлғаның құқығы мен қадірін тәрбиелеуге, мәдени дамуға, қатынасудың тәртібі мен машағының дамуына жағдай жасау.

I. Жалпы ережелер:

- 1.1. Пед.кеңесте бекітілген мектеп ішкі тәртіп ережелерін сақтауға оқушылар міндетті.
- 1.2. Мектеп ішкі тәртіп ережелері мектепте стендте орналастырылған.
- 1.3. «Болашақ» мектебі мекемесінде оқу-тәрбие жұмысының негізгі формасы, сабак және сабактан тыс іс-шаралар болып табылады.
- 1.4. Сабактар барлық санитарлық талаптарды сақтай отырып дәстүрлі форматтамектепте өтіледі.

1.5 Мектеп территориясына бөгде адамдардың кіруіне рұксат етілмейді.

1.6 Мекеме қызметкерлері мен мектеп оқушылары мектепке арнайы турникет арқылы кіреді.

II. Жұмыс уақыты:

- 2.1. Мектепте 1 - 11 сыныптарға бес күндік жұмыс күні
- 2.2. Мектеп 7:30 да ашылады
- 2.3. Сабактар 8.30 да басталады. Сабак кестесі санитарлық талаптарға сәйкес әр сыныпқа жеке жасалады.
- 2.4. Оқушыларға сабак басталуына 10-15 минут алдын келулері ұсынылған.
- 2.5 Сабактың ұзактығы 45 минут.
- 2.6 Мектепте, барлық сыныптарда санитарлық талаптар қатаң сақталады.

III. Оқу жұмысын ұйымдастыру

- 3.1 Сабак кестесін мектеп директоры бекітеді.
- 3.2 Бекітілген сабак кестесі мен ұйымдастырылған күн тәртібіне байланысты оқушы сабакка катысуға құқықты және міндетті.

Окушылардың тәртібі мен үлгерімін бағалау реті мен мақсатын сыйнып жетекшісі оқу жылы басында хабарлайды. Қажеттілігіне қарай окушылар, ата-аналар және қамқоршылар бағалар туралы мәліметтерді интернет желісі арқылы электронды журнал Kundelik.kz арқылы білуге құқылы.

3.4 Үй тапсырмалары мереке күндерден кейін және демалыстың бірінші күнінен кейін берілмейді.

3.5 Үй тапсырмасын орындаі алмаған жағдайда окушының ата-анасы сабактан алдын мұғалімге себебін айтып ескертеді. Және орындау мерзімін мұғаліммен келіседі.

3.6 Пән мұғалімдері күнделікті окушының сабакта жоқтығы туралы журналда белгілейді, сабакта болмаған себебін сыйнып жетекшісі анықтайды.

Окушыларға дene шынықтыру сабағы кезінде мұғалімсіз спорт залдан тыс жерде жүргүте қатаң тиым салынады.

3.8. Мектепте және мектеп территориясында окушыларға алькогольды суындар ішу, наркотиктер болмаса психотроптік заттар, темекі шегу, құқық бұзушылық жасау қатаң тиым салынады.

IV. Сабак кестесінің өзгеру тәртібі:

4.1 Сабақ кестесі мектептін оқу бағдарламасына сәйкес түзеледі. Сол жерде окушының бір апталық жүктемесі көрінеді.

4.2 Сабақ кестесіне енгізілген өзгерістер туралы окушыға сыйнып жетекшісі хабарлайды.

V. Сабактағы окушының тәртібі:

5.1 Окушы сабактан себепсіз қалмайды, кешікпейді.

5.2 Окушы өзімен бірге оқуға қажетті құрал-жабдықтарды алып келуі тиіс.

5.3 Оқуны мұғалімнің айтқанын және окушылардың жауабын мұқият тыңдалат, сабакқа белсенді қатысуы қажет.

5.4 Сабакта жеке мақсатта суретке түсіруге, диктафонға жазып алуға және бейне камераға түсіруге тиым салынады.

5.5 Сабақ уақытында окушы телефонды сыйнып жетекшісіне тапсыруға міндетті.

5.6 Мектепке қымбат әшекей бұйымдарды тағуға, әкелуге қатаң тиым салынады.

VI. Окушының қонырау кезіндегі тәртібі:

6.1 Окушы қонырау кезінде санитарлық талаптарды қатаң сақтауы қажет және тәртібі жағынан басқа окушыға кедергі келтірмеуі тиіс.

6.2 Окушы қонырау кезінде мектеп ауласынан кетпеуі тиіс.

6.3 Окушы қонырау кезінде кезекші мұғалімнің талабын орындауды тиіс.

6.4 Окушының еденге, үстелге, терезе алдына отыруына тиым салынады.

Оқушы мектеп кызметкерлерімен сөйлесу кезінде орнынан тұруы және қолын алтасынан шығаруы тиіс.

VII. Мектеп болмесін тазалау

7.1 Күнделікті барлық сыйып бөлмелерінде санитарлық талаптарға сәйкес мектептің үй-жай тазалаушылары ылғалды тазалау жұмыстарын және кабинетті кварттау жұмысын жүргізеді.

7.2 Мектеп әжетханасы мен коридор әр сабактан соң тазаланып отырады. Спорт залда әр дene шынықтыру сабағынан соң ылғалды тазалау жүргізіледі.

7.3 Сабактан соң әр оқушы өз орындығын көтеріп, кезекші коқысты сыртқа шығарып, тақтаны сұртуі тиіс.

VIII. Мектептегі кезекшілік туралы

8.1 Мектепте кезекшілік бекітілген кестеге сәйкес, әкімшіліктің қадағалауымен кезекші мұғалімнің қатысуымен ұйымдастырылады.

8.2 Кезекшілік таңертенгі 8.30 -14.40 аралығында кестеге сәйкес атқарылады.

8.3 Кезекшінің міндетіне мыналар жатады:

- мектеп тазалығы;
- мектеп тәртібі;
- мектеп мұлкінің сақталуын қадағалау;
- мектепте орын алған оқыс оқиға туралы мектеп әкімшілігіне уақытылы хабар беру;

IX. Мектепке келмеу туралы

9.1 Мына жағдайда мектептен қалуға болады:

9.1.1 Ауырып қалған жағдайда (дәрігердің анықтамасы немесе ата-анасының өтініші негізінде)

9.1.2 Отбасылық жағдайға байланысты (ата-анасының өтініші негізінде)

9.1.3 Мектепшілік, қалалық, облыстық, республикалық іс-шараларға қатысканда (бүйрықпен)

9.2 Оқушының сабакқа келмегені туралы мәлімдеме жасау:

9.2.1 Оқушының сабакқа келмеген бірінші күнінен ата-ана мектепке оқушының сабакқа келмеу себебін айтып хабарлауы тиіс.

9.2.2 Егер ата-ана хабарлама жасамаса, сыйып жетекші хабарласуы тиіс.

9.2.3 Егер сыйып жетекші оқушының сабакқа келмеу себебін анықтау мүмкін болмаған жағдайда 2-ші күннен қалдырмай мектеп әкімшілігіне хабар беруі тиіс.

9.2.4. Егер оқушының сабактан қалу себебі түсініксіз болған жағдайда, мектеп әкімшілігі оқушының үйіне барып анықтауына міндетті.

9.3. Дене шынықтыру сабағынан оқушы денсаулығының жарамсыздығы туралы ВКК (ДБК –шешімі, анықтамасы)

9.4. Егер оқушы 1 тоқсанда 15 сағат себепсіз сабактан қалса, жалпыға бірдей міндетті Білім беру заңнамасына сәйкес жауапқа тартылады.

9.5. Оқушыны директордың оку және тәрбие ісі жөніндегі орынбасары босата алады.

X. Оқушыны дамытудың ынталандыру әдістерін үйрету

10.1. КР.Білім туралы заңына сәйкес сыйып жетекші айна 1 рет оқушымен кемінде құқық туралы әнгімелесуге міндетті.

Кажет болған жағдайда мектеп психологі, әлеуметтік педагог, директордың
жүргізу тәрбие ісі жөніндегі орынбасары оқушымен жұмыс жүргізуге міндетті.
10.3. Мектеп ішкі тәртібі ережесін сақтау мақсатында төмендегі әдіс-тәсілді қолдану
кажет.

- 10.3.1. Оқушыны тындау
- 10.3.2. Оқушының тәртібі туралы ата-анасымен сөйлесу.
- 10.3.3. Оқушының тәртібін директор, директор орынбасарлары алдында талқылау
- 10.3.4. Оқушының тәртібін пед. кеңесте, құқық бұзушылықтың алдын алу кеңесінде
және жалпы кеңесте талқылау.
- 10.3.5. Бірлескен жұмысты жалғастыру мақсатында дау-жанжал жағдайларда екі
жақты келісімге келу.
- 10.3.6. Мектептің ішкі тәртібіндегі тиым салынған заттарды алу және сақтау және
алынған заттарды қайтару ата-аналардың қолы қойылған акті негізінде
жүргізіледі.

XI. Мектеп мұліктеріне және оқу жабдықтарына қойылатын талаптар

- 11.1 Оқушының міндетті мектеп мұліктерін оқушы мектептен кеткенде тапсыруға
міндетті.
- 11.2 Оқушылар дәптерлерді қолдану барысында мектеп талаптарын сақтау керек.
- 11.3 Кітапханадан алынған барлық окулықтарды оқушы мектептен кеткенде
тапсыруға міндетті.

XII. Оқушылардың сыртқы қорінісі мен киіміне қойылатын талаптар

- 12.1 Киім формасы – еркін. Ашық, қысқа, спорттық киімдер кио рұқсат етілмейді.
- 12.1 Ер балалардың шашы жұмысқа кедергі жасамайтындей келте, әдемі
қырқылған. Ал қыздардың шашы әдемілеп жинақталған болу керек.
- 12.2 Барлық мектеп оқушыларында белгіленген үлгі бойынша бейджігі болу керек.

XIII. Оқушыларға тиым салынады.

- 13.1 Өзімен бірге айналадағыларына қауіпті жағдай туғызатын іс-әрекеттер жасауға,
мектепке және мектеп территориясына сұық қарулар, өткір кескін заттар, жарғыш
немесе өртке карсы, алкогольды сусындар, наркотиктер, газ баллондарын, сағыз,
сірінке, улы және дәрігер қолдануға қатаң тыйым салынған басқа да заттар әкелуге,
таркатуға, қолдануға, пайдалануға қатаң тыйым салынады.
- 13.2 Оқушының сөмкесін мектеп әкімшілігі тарарапынан толық тексеруге рұқсат
етіледі.

Қарым-қатынастарды анықтау мақсатында күш көрсетуге, тартып алуға, ркытуға тиым салынады.

13.4 Балағат сөздерді колдануға, айтуға тиым салынады.

13.5 Мектеп ауласында және ішкі бөлмелерде темекі тартуға қатаң тиым салынады.

XIV. Қауіпсіздік

14.1 Техника қауіпсіздік ережелерін сактау міндетті.

14.2 Өрт қауіпсіздік ережелерін сактау міндетті.

14.3 Қолік жол қауіпсіздік ережелерін сактау міндетті.